

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

және қолдау туралы практикалық дағдылар мен білім алады. Экополис сабағы оқушыларды өз қаласындағы немесе қоғамындағы қоршаған ортаны жақсарту жобаларына белсенді қатысуға шабыттандырады және оларға табиғатқа жауапкершілікпен қарауды үйретеді. Сонымен қоса экополис сабағы оқушыларға тұрақты қала құрылысы, энергияны пайдалану, қалдықтарды басқару және жасыл аймақтарды құру бойынша практикалық дағдыларды ұсынады. Бұл сабақ оқушыларға өз білімдерін іс жүзінде қолдануға және қоршаған ортаны жақсартуға үлес қосуға мүмкіндік беретін ғылыми жобалар мен мектептің экологиялық бастамаларын құруға негіз бола алады.

Нәтижесінде, мектеп бағдарламасына «Экополис» факультативті сабағын енгізу оқушыларға тұрақты қала құрылысы принциптері туралы білім беріп қана қоймай, сонымен қатар болашақтың жасыл және экологиялық тұрақты қалаларын құруға белсенді қатысу үшін дағдылар мен мотивация алуға мүмкіндік береді. Бұл сабақ оқушыларға өз білімдерін іс жүзінде қолдануға және қоршаған ортаны жақсартуға үлес қосуға көмектесетін мектептегі экологиялық бастамалар мен ғылыми жобаларды құруға негіз болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. World Urbanization Prospects 2018: Highlights (ST/ESA/SER.A/421). Available at: <https://population.un.org/wup/Publications/Files/WUP2018-Highlights.pdf>.

2. Мулдағалиева Е. О. Эволюция предпосылок понятия «экополис» в градостроительной теории XX-XXI веков // Архитектура и современные информационные технологии (АМИТ). – 2013. – № 2 (23). – С. 1-9.

3. Meinhold, R., & Stasi, A. (2022). “Eco-polis”: Environmental Sustainability in Ecotopian Cities. ISLE: Interdisciplinary Studies in Literature and Environment, 29(4), 1231-1248.

4. Ванейгем Р. Революция повседневной жизни: трактат об умении жить для молодых поколений. – М.: Гилея, 2005. – 288 с.

5. Тетио А. Н. Экология городской среды. – М.: Academia, 2013. – 352 с.

6. Валишин Ю. И. Психоэкология от мегаполиса к эко-полису // Вестник Московского государственного областного университета. Сер.: Естественные науки. – 2017. – № 3. – С. 61-66.

ӘОЖ 37

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Бошаев Алимжан Батыржанович

alimzhan.boshaev@gmail.com

География педагогтерін даярлау ББ білім алушысы, Жаратылыстану ғылымдары факультеті,
Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: М.Н. Мусабаева

Қазақстанда қазір білім берудің ұлттық модулін орнату жүріп жатыр. Бұл процесс білім беру парадигмасының өзгеруімен қатар жүріп жатыр (парадигма грек тілінен «мысал, үлгі»). Теориялар мен әдістемелердің негізгі жетістіктерінің жүйесі үлгіге алына отырып білім және пән бойынша зерттеу практикасы ұйымдастырылуда. Барлық педагогикалық жүйе құрамы бөліктерінде “инновациялық”, “жаңалық тану” үрдісін іске асыру үшін жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Ұлттық деңгейде қойылған мақсатты жүзеге асыруда географиялық білімнің алатын ролі зор. Қазіргі мектептердегі географияны оқыту әдістемесіне талдау жасайтын болсақ, дәстүрлі оқу жүйесінің басымдылығы байқалады. Бұл дәстүрлі оқыту жүйесінің жеткіліксіз

жағы мұғалімнің авторитарлық ролінің басымдылығы, яғни мұғалім жаңа сабақты түсіндіреді, келесі сабақта оны оқушы қаншалықты меңгергенін тексерумен ғана шектеледі. Бұл жерде оқушы объект ретінде қалып қояды, оқушының өз мүмкіндіктерін іске асыруға, өзін-өзі дамытуға, өздігінен дамуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан мектепте географиядан білім беруді жетілдіру, яғни оқыту мақсатына сәйкес күтілетін нәтижені жоспарлау қажетті туындап отыр. Осыған орай болашақта географиядан білім саласын қамтамасыз ету үшін оқу нәтижелерін анықтау, оқу процесін ұйымдастыру, оқушының компоненттілігі/біліктілігі/алдыңғы орынға шығу керек. Географиядан білім берудің мазмұндық және процессуалдық негізін анықтаудың бұл жолы баланы оқу материалдарын дайын күйінде алуға емес, өз бетімен ізденуге, өзіне қажетті білімді іздестіруге керекті қасиеттермен қаруландырады. Соның ішінде географияда кеңінен қолданылатын салыстырмалы тәсіл оқушылардың өзіндік жұмысын орындауға, әрі танымдылығын арттыруға, критикалық талдау жасауға мүмкіндік жасайды.[1]

Барлық педагогикалық жүйе құрамы бөліктерінде «инновациялық», «жаңалық тану» үрдісі іске асуы үшін төмендегідей жұмыстар істелуі тиіс. Біріншіден, өсіп келе жатқан ұрпақтың білім алуын жаңа бағытқа салу үшін оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс-тәсілдерден қолдану. Екіншіден, жалпы білім беретін мектептегі оқу жүйесінің мазмұнына өзгерістер енгізу. Үшіншіден, оқушылардың ойлау қабілеті жаңалықтарды тез қабылдауды қалыптастыру және ол жаңалықтарды өмірде қолдана білуге үйрету. Бірақ оқыту технологиясын енгізу оқытудың дәстүрлі әдістерін алмастыру емес, қатарластырып қолдану, себебі ол да пәннің әдістемелік құрамдас бөлігі болып табылады.

«Технология» термині шетел әдістемесінен алынған. «Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі». Оқыту технологиясы-оқытудың тиімді жолдарын зерттейді, ғылымда оқыту процесіне қолданылатын әдістер, тәсілдер мен қағидалар. Ол оқыту процесінде нақты жүйе қызметін атқарады.

Технологияның екі түсінігі бар:

а) тиімді оқыту әдістемесін жасауды білдіретін оқыту технологиясы; б) оқыту барысында технологияны пайдалану. Соңғы оқыту технологиясы технологиялық құралдарды оқыту үрдісінде пайдалану деп түсіну керек. (ЭВМ, компьютер бағдарламалары, оның ішінде географиялық жаңа мультимедиялық оқулықтары және т.б). Бірақ екі жағдайда технологияны қолдану дидактикалық есептерді шығару кезінде оқушыларға әсер ету тәсілдерін жетілдіруге бағытталған.[2]

Оқу процесінде қолданылатын ең тиімді технологиялардың бірі – оқу жүйесі арқылы іске асатын педагогикалық технологиялар болып табылады. Педагогикалық технология практикада іске асырылатын педагогикалық жүйенің жобасы. Ал, педагогикалық жүйе дегеніміз белгілі бір қабілеті бар дара тұлға қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әсерді ұйымдастыруға қажет құралдар, әдістер мен тәсілдердің өзара байланысқан бірлігі.

Көптеген география оқулықтарына енгізілген, журнал беттерінде жарық көрген оқытушылардың жұмыс тәжірибесінен және мақалаларда жарияланған технологияларының бірі оқушылардың оқу әрекетін қалыптастыру технологиясы. Бұл технологияда оқу әрекеті оқушылардың дәрістегі белсенділігінің ерекше бір түрі ретінде қарастырылады. Олар оқу тапсырмаларын шешу көмегімен білім алуға бағытталған. Егер қалыптасқан әдістеме мұғалімге не істеу керек екенін жазса, оқу әрекетін қалыптастыру технологиясы оқушы оқу тапсырмаларын қалай шешу керек екендігі түсіндіреді. Сабақ алдында сыныпқа оқу тапсырмалары таратылады, ол сабақ барысында шешіледі де сабақ соңында нәтижесіне тесттің көмегімен диагностикалық тексеру жүргізіледі. Оқу әрекетін қалыптастыру технологиясы, оқу тапсырмаларының жүйесін мұғалім қандайда бір курс, тарау немесе тақырып бойынша құрастырады. Өз қызметінің және соған байланысты оқушылар әрекетінің өзара байланысын ұйымдастыру жобаларын жасайды және тест тапсырмаларын дайындайды. Оқу тапсырмалары мен тесттер жүйесін әдістемелік құралдардан (практикум, мектеп

түлектерін дайындау сапасын бағалау жинақтары және т.б.) алуға болады. Бұл технологияны қолдану В.П. Сухов, В.Я.Ромм және В.П.Дроновтың оқулықтарында және журналдардың бірқатар мақалаларында жақсы ашылып көрсетілген.[3]

Дифференциалдық оқыту технологиясы да география әдістемесінде жақсы белгілі. Оны қолдану кезінде сынып оқушыларының типологиялық ерекшеліктері ескеріліп, шартты топтарға бөлінеді. Топтарды жинақтау кезінде, оқушылардың оқуға жеке көзқарасы, білімділік деңгейі, пәнді оқуға қызығушылық деңгейі ескеріледі. Тапсырманы орындау мазмұны, көлемі, күрделілігі, әдісі мен тәсілдері бойынша және оқыту нәтижелерін диагностикалау үшін әртүрлі деңгейлестірген бағдарламалар жасалған.

Географияны оқыту әдістемесінде оқыту технологиясын қолданудың едәуір тәжірибесі жинақталған. Оның ішінде ең танымалы оқыту технологияларының бірі- оқу жұмысы әрекеттерін қалыптастыру технологиясы. Оқу жұмысы әрекеттерін қалыптастыру технологиясында ережелер, үлгілер, алгоритмдер және географиялық объектілердің жазбалары мен сипаттамаларының жоспары келтіріледі. Бұл технология бірқатар география оқулықтарында, әдістемелік нұсқауларда жеткілікті түрде орын алған және көптеген география мұғалімдері жұмысында жақсы игерілген.

Географияны оқыту процесінде бұрыннан бері Шаталовтың – тірек сигналдары технологиясы (логикалық тірек конспектілері-ЛОК) жеткілікті түрде қолданылып келе жатыр. Географияны оқытудағы логикалық байланыстар схемасының ролі туралы Н.Н. Баранский былай деп жазған.«Схемалар басты және негізгіні айыруға үйретеді, логикалық байланыстарды іздеуге, анықтауға және сабақты игеруге оқушыларға әдеуір көмек береді». Жасалынған тірек конспектілер, оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу қабілетін дамытады, және оқу жұмысы нәтижелерін өз бетімен бақылауды іске асыруда тіреу болады. Байланыс схемаларын мұғалімдер үнемі пайдалануда. Практикада мұғалімдер бұл технологияны жақсы меңгерген. Бұл технологияға байланысты бірқатар мақалалар мен кітаптар жарық көрді. [4]

Мектеп мұғалімдерінің инновациялық білім беру технологияларын дұрыс таңдап алуы және оны тиімді пайдалануы оқытудың сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Жалпы география пәндеріндегі инновациялық, іс – әрекеттер педагогикалық білім берудегі инноватикалық білімнің дамуына байланысты. Соңғы он жылдықта «инновация» ұғымы кеңінен таралды. Инновациялық қозғалыстар білім беру жүйесінің жаңаруының айғағына айналды. Инновациялар бірнеше мәселелер тоғысында пайда болады және одан ауытқымай жаңа мәселелерді шешеді, білім беру үрдісінің үздіксіз жаңарып тұруына мүмкіндік береді.

Астана қаласындағы №38 мектеп лицейде өткен педагогикалық практикада 6-сынып Жаратылыстану пәнінен сабақ бергенімде пайдалана білдім. Мысалы: педагогикалық қарым-қатынасты демократиялық және ізгілік негізінде құру педагогикалық технологиясы. Ынтымақтастық педагогикасы; ізгілікті-тұлғалы оқыту технологиясы; адамгершілікті қалыптастыруға негізделген әдебиетті оқыту жүйесі. Берілген тапсырмада оқушы әрекетін жандандыру және жетілдіру негізіндегі оқыту технологиясын пайдаландым. Ойын-сабақ технологиясында әр оқушыға сұрақтар жасырылған суреттер таратылып бердім. Оқушы жауабын өзі құрастырған ойын түрінде берді. Сыныптағы 24 оқушыны 4-топқа бөліп, әр топқа ат қойылды. Берілген тапсырмаларды әр топ өздері құрастырған ойындары бойынша жауаптары алынды. Оқушының сабақ барысында берген жауаптары қызықты болды. Осылайша сабақта оқушының жас ерекшелігін пайдалана отырып ойын түрін құрастыра отырып өткізген сабақ, оқушы үшін әрі қызықты әрі еке сақтау қабілеттері мен сабаққа деген қызығушылықтары арта түседі. Келешекте жаңа технологияның басқа да әдіс түрлерін кеңінен пайдаланып сабақтар өткізуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Аманашвили Ш.А. Воспитательная и образовательная функция оценки учения школьников. - М., 1984.-276.

2. Ахметова К.Б. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы /9 сыныпқа арналған оқулық/ Алматы: Рауан, 1994. – 80 б.
3. Бірмағамбетов Ә., Рельник Г.Я. Қазақстан географиясының хрестоматиясы. Мұғалімдерге арналған көмекші құрал- А., 1962. - 57 б.
4. Бұзаубақова К.З. Жаңа педагогикалық технология.-Тараз., 2003. – 63 б.
5. Жапасбаев М.М. Научные основы преподавания курса физической географии Казахстана А. //Вестник КазГУ, 1995.- 55 б.
6. Кларин М.В. Педагогическая технология в учебном процессе. - М., 1989.
7. Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике. - Рига, 1995. – 55 б.

ӘОЖ 378

ОҢТҮСТІК АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ТУРИЗМНІҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ МЕН БОЛАШАҒЫН БАҒАЛАУ

Демеуов Арман Болатович

arman_demeuov@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жаратылыстану ғылымдары факультеті,
Физикалық және экономикалық география кафедрасының оқытушысы, Астана, Қазақстан

Қазіргі әлемде географиялық білім ерекше маңызға ие, өйткені біз жаһандану қарқынды даму кезеңінде өмір сүріп жатырмыз. Студенттер жаһандық үдеріске ілесіп, негізделген шешімдер қабылдау үшін әлемнің географиялық құрылымын, оның ішінде физикалық, экономикалық және әлеуметтік табиғатын білуі керек. «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты мемлекеттік жолдауда да білім беру саласындағы басымдықтары көрсетіле отырып, оқушылардың қажетті білім мен дағдыларының қалыптасуына, меңгерген білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуіне, сонымен қатар сыни ойлау қабілетінің жоғары болуына көңіл бөледі [1].

Білім беруді жаңарту студент білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. Студенттердің бойында өзіндік білім алу, талдау, құрастыру, қоғамдық өмірде өзін-өзі жан-жақты таныту үшін білімін пайдалана білу дағдыларын қалыптастырады және қоғамға пайда келтіреді. Функционалдық сауаттылық –білім берудің жеке тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік бағдарлануы.

Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор. Демек оқушы бойындағы қабілеттерін ашып жетілдіру, оқытудың әдіс – тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды тиімді қолдануды талап етеді.

Сабақтың мақсаты: Оңтүстік Азия елдеріндегі туризмнің даму деңгейін зерттеу, болашағын болжау.

Құрал-жабдықтар: оқулықтар, оқу құралдары, Дүниежүзінің саяси картасы, дәріс материалдары, электронды құралдар

Сабақ ұйымдастыру түрі: жеке, жұптық, топтық жұмыстар

Оңтүстік Азия елдері - бұл бірегей мәдениеттері, тарихы және табиғаты бар аймақ, оның ішінде Индонезия, Таиланд, Малайзия, Сингапур, Филиппин, Вьетнам, Лаос, Камбоджа, Мьянма (Бирма), Бруней, Тимор-Лешти және басқа да елдер бар. Туризм - бұл көптеген Оңтүстік Азия елдерінің экономикасының маңызды секторы, жергілікті тұрғындарға жұмыс орындарын қамтамасыз етеді және шетелдік валютаны әкеледі.

Оңтүстік Азияда туризмнің дамуы әртүрлі факторларға байланысты:

1. Табиғи сұлулық: Пляждар, тропикалық ормандар, таулар және өзендер сияқты табиғи ландшафттар көптеген туристерді тартады.